

# Дәрілік заттардың жанама әсері. Фармаконадзор туралы түсінік.



Дайындаған: Көшкінбаева Альбина

Факультет: Жалпы медицина

Топ: ЖМ16-025-02

Қабылдаған:

# Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

а) Дәрілік заттардың кері әсерлерінің негізгі себептері

б) Дәрілердің жағымсыз әсерлерінің жіктемелері. Канцерогендік әсері.

III. Қорытынды

IV. Қолданған әдебиеттер тізімі



- **Дәрі-дәрмектермен** емдеу кезінде олардың емдік әсерімен қатар организм үшін жағымсыз әсерлері де болады. Бірақ бұл жағымсыз әсерлерді анықтау қиынға түседі, себебі олар ағымдағы аурудың белгілеріне ұқсас бұзылыстарды шақыра береді. Қазіргі заманғы ережелер дәрілерді шығару, зерттеу және босату алдында олардың кері әсерлерінен сақтайды, егер бұрыннан белгісіз жаңа әсерлер пайда болса ережеге сәйкес ол туралы хабар етеді.



- \* науқас жағдайының ауырлығын дұрыс бағаламау;
- \* дәрілік затты тиісті мөлшерде тағайындамау;
- \* ағзаның күтпеген реакциясын туындататын, анықталмаған медициналық, генетикалық немесе аллергиялық жағдайлар;
- \* рецепт бойынша жіберілетін дәрілік заттарды өздігінен алып қабылдау;
- \* дәрілерді қабылдау тәртібін бұзу;
- \* қабылдап жатқан дәрілік заттың басқа дәрілік заттармен (сонымен қоса, биологиялық белсенді заттармен), кейбір тағамдармен өзара әсерлесу ерекшеліктерін ескермеу;
- \* емді тиімсіз тіпті болмаса өмірге қауіпті ететін, құрамы ғылыми талаптарға және стандартқа сай емес дәрілік заттарды қолдану;
- \* тиімсіз, қауіпті, құрамында белсенді заттары жоқ жасанды дәрілік заттарды қолдану.


**I типтегілер (жиі болатындар)** – бұл препараттарға деген көтеріңкі реакция.

**II типке** дәрілік препараттың негізгі фармакологиялық әсеріне қатысты емес кері әсерлер жатады.

Олар күтпеген жағдайдан пайда болады және ауыр түрде өтеді. Кейде олардың механизмдері белгісіз болып қалады. Кері әсерлердің негізгі себептерінің бірі – рецепторлар аймағында препарат концентрациясының өте жоғары болуы. Бұл фармакокинетикалық қасиеттермен сипатталады. Яғни, таралудың дұрыс өтпеуі, дәрінің организмде жинақталып қалуы, метаболизм жылдамдығы және экскреция.



# Жіктелуі



1 тип: жедел аллергия:  
Гиперсезімталдықтың  
берілген типі реакцияға  
антидене IgE қатысуына  
байланысты.

2 тип: Дәрілік аллергияның бұл  
типінде IgG- IgM- антидене  
комплемент жүйесін белсіндіре  
отырып, айналып жүрген қан  
жасушаларымен өзара әсерлеседі  
және ыдырауын туғызады.

## Аллергиялық

4 тип: Т лимфоциттер мен  
макрофагтар кіретін  
иммунитеттің жасушалық  
механизмі арқылы жанама  
түрде жүреді.

3 тип: IgG- IgM-  
IgE- антиденелері  
қатысады.




□ **Идиосинкразия** затқа жағымсыз реакциялардың себептерінен болуы мүмкін. Уытты әсердің негізгі себебі артық мөлшерлеу, ол күтпеген жерден немесе қасақана максимальды көтеретін мөлшерді арттыру болып табылады.





**Тератогенді әсер** жүктілік кезінде тағайындалатын дәрілік заттар эмбрионға және іштегі нәрестеге теріс әсер көрсетуі. Ол баланың әр түрлі аномалиялармен тулуына әкеледі. Соның бірі талидомид дәрісі.



Талидомид



□ Дәрілік заттар эмбрионға және іштегі нәрестеге органогенез бұзылыстарымен байланысты емес тератогенді әсерлерге жатпайтын, жағымсыз әсер көрсету мүмкіндігін ескерген жөн. Оны дәрілік заттардың жанама және уытты әсері ретінде бағалауға болады. Ол жүктіліктің әр түрлі сатысында көрінеді. Егер осындай жүктіліктің он екінші аптасына дейін пайда болса, оларды эмбриотоксикалық, өте кеш мерзімдерде фетотоксикалық деп атайды.



■ **Мутагендік** бұл заттың ұрық жасушасының және генетикалық аппаратының тұрақты заөымдалуын туғызатын қабілеті, ол ұрпақтың генотипінің өзгеруімен көрінеді.



□ **Канцерогендік** бұл заттың қатерлі ісік туғызатын қабілеті. Дәрілердің өспе туындататын әсері адамдарда торотрастың, күшаланың(мышьяқтың) бейорганикалық қосындыларының, кейбір цитостатикалық дәрілердің өспе туындататыны белгілі. Цитостатиктердің ішінде циклофосфамид жиі өспе дамытады. Оны қабылдағаннан кейін 14-85 айдан соң қуықта, емшекте, өт қабында және ана безде обыр өспесі дамитыны белгілі. Ішіп қабылдайтын бала бітірмейтін дәрілердің өспе туындататын әсері әдебиеттерде жарияланған. Дәрілік заттар шынайы канцерогендер немесе проканцерогендер түрлерінде әсер етулері ықтимал.



# ҚОРЫТЫНДЫ

- Менің ойымша қазіргі таңда осы дәрілік препараттармен уланулардың алдын алуға болады. Ол үшін дәрігерлерге жаңадан шыққан препараттармен таныстыратын семинар сабақтарын жүргізіп, білімдерін толықтыра түсу қажет. Ел арасында адамдардың өзін-өзі емдеуді тоқтатып, әр адамның медициналық сауаттылығын арттыруға көмек тесетін шараларды өткізу керек (жарнамалар, лозунғылар, қалалық коллаждар т.б). Қазіргі кезде адамдар ауырып дәрігерге қаралғанның орнына өз беттерінше емделуді жөн көреді, олар алғашқы көмекті дәріханадағы фармацевттерден немесе кітап-журналдардағы мақалалардан, интернеттегі сайттардан іздейді.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- <http://www.izden.kz/referattar/medicina/154>
- <http://kazorta.org/d-rilik-zattardy-zha-ymsyz-serl-eri/>
- [http://ortalyk-kaz.kz/publ/medecina/d\\_rilik\\_zattardy\\_zhanama\\_seri/17-1-0-3637](http://ortalyk-kaz.kz/publ/medecina/d_rilik_zattardy_zhanama_seri/17-1-0-3637)
- Фрмакология Д.А.Харкевич кітабы

